

Темірқазықтан сәл төмен, Жетіқарақшының сабына қарай бір сүйем өлшесең көрініп тұрады дейтінсің. Таба алмады» [3].

Ал Меккенің көшіп келуі мен Қарой ауылдарына қатысты әңгімелер де текке қозғалмаған. Жас Еділ ол екеуін бойына сіңіріп өскен. Бұл жөнінде Ж.Әскербекқызы Е.Раушанов шығармашылығына арналған «Көркемдік өріс» еңбегінде: Рухани тазалықты іздеу, оны аңсау, түп бастауларға ұмтылу Еділ ана туралы аңыздан, Қарой ауылына қатысты оқиғалардан, Жұлдызды жанына медеу, сырлас еткен Еділ әрекетінен аңғарылады. Маринаның түйсінуі түрінде суреттелетін Найзақара шыңының арғы бетінде тазалық мекені – Қарой, Еділ жұртының жатқаны туралы ой, Маринаның Еділ меншіктенген жұлдызды іздеуі – сол ізгілік әлеміне ұмтылу. Ізгілік әлемінің тұрағы аспан. Яғни ақынның поэтикалық тілінде көп айтылатын тұжырым: аспан – кіршіксіз рухтар мекені. Романдағы гуманистік идея осы аспан әлемінің аясына сіңіріліп, ол тылсым сырлы, қат- қабат құпиялы, рухтардың сақтаушысы болған күрделі архетиптік образ болып шыққан [4].

Е.Раушанов орталық кейіпкердің ішкі толқынысын беру мақсатында оны Жұлдызбен сырластыру арқылы персонаж дәрежесіне көтере білген. Табиғаттың әрбір жаратылысы, әрбір құбылысты көркемдеп жеткізе отырып, оқырманына эстетикалық ләззат сыйлай алғанына қайран қаласың. Поэзияның адамның ой-арманын, көңіл-күйін жеткізетін киелі өнер екенін әлдеқашан дәлелдеп тастаған ақын Е.Раушановтың проза саласында да «Нұрдан жаралған» сынды туындылары жазылуы керек деп ойлаймын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%BE%D1%81%D0%BC%D0%BE%D0%B3%D0%BE%D0%BD%D0%B8%D1%8F>
2. Уалиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. – Алматы, 1949
3. Раушанов Е. Нұрдан жаралған. // «Таң Шолпан» журналы. 2002. № 1
4. Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс. – Алматы, 2008, 263 б.

ӘОЖ 1751

Д. ИСАБЕКОВТЫҢ «МҰРАГЕРЛЕР» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ КОНФЛИКТ ПЕН ХАРАКТЕР

Арын Нұрсұлу Дәулетбекқызы

nursulu.aryn@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің педагогтерін даярлау» мамандығының 2 курс магистранты, Нұр-сұлтан, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., проф. Р. С. Тұрысбек

Кез келген әдебиетте қарымды қаламгер мен драматургтің төл туындысын бағалаудың негізгі әрі басты өлшемі – күнделікті өмірдегі жағдайдың көркем шығармада ешқандай боямасыз айқын әрі анық берілуі. Көркем шығармадағы тартыстың өмірлік құбылыстармен байланысуы қаламгердің шеберлігін айғақтайды. Кез келген драмалық туындыны талдағанда шығармадағы тартыстың мәні мен мазмұны және көркемдік өрнектелуі, конфликтінің байланысуы мен күшеюі басты назарда болады. Драмалық шығармадағы конфликт пен характердің маңызы, сонымен бірге екі ұғымның өзара байланысы туралы тұшымды ойлар талай мәрте айтылған әлі де сөз қозғалатын рас. Әдебиет мамандары мен театр зерттеушілері драмадағы тартысты шығарма көлемінде талдайды, ал тартыстық мәні бар оқиғаларды таңдаудағы авторлық мақсат-мүдде ескерілсе, пьесаның бұрын көлеңкелі кейбір тұстарының өз

баяуын табатыны сөзсіз. Жеке жазушының шығармашылық ерекшелігін сөз еткенде, оның авторлық тұрғысының ауқымы, дамуы мен бағытын белгілеу үшін тартыстың мәні мен маңызы, ғылыми тұжырымдарды нақтылауға қосар үлесі аз емес. Драматургтің өзіндік қолтаңбасын анықтау үшін шығармаларындағы тартыс табиғатын тереңірек зерттеу орынды. «Драматургия біздің әдебиетімізде жас жанр да, оның үстіне қиын жанр» [1, 250]. Ал дәл осы қиын әрі жас жанрда өзіндік шығармашылық шеберханасымен келген Д. Исабеков болатын.

Дулат Исабековтің драма өнерінің дамуына қосқан үлесі айрықша. Драматургтің қай пьесасын алып қарасақ та тартыс табиғаты шынайы өмірге негізделіп суреттелген. Қарымды қаламгердің туындылары қоғамда болып жатқан қиындықтар мен мәселелерді боямасыз бейнелейді. Адам мінезінің түрлі ерекшеліктерін жағымды жақтары мен жағымсыз характерлерді бір драмалық туындыға тоғыстыру шеберлігі Дулат Исабековке тән. Драматург дүниеге әкелген қай пьесаны алып қарасақ та күнделікті өмірде кездесетін оқиғалар мен адам мінезін тереңірек түсінеміз. Автор өзінің драмаларында әртүрлі сюжеттер арқылы кейіпкердің характерін жан-жақты танытады. Шығармадағы оқиға сюжетіне байланысты кейіпкердің іс-әрекеті, пікірі арқылы кейіпкер характерін бағалап бағамдай аламыз.

Қазіргі заманғы драмалық шығармалардың жанрлық ерекшелігі, біріншіден, көркем шындық пен бейнелерді біріктіретін пьесалардың ықшам мөлшері, екіншіден, пьесалардың әдеби-поэтикалық шындығын білдіретін кейіпкерлердің диалогтары мен монологтарын білдіру, үшіншіден, қимылдардың реализмі – кейіпкерлердің жанжалдары. Осыған байланысты қазіргі драмалық шығармалар нақты идеяға негізделген деп айтуға болады.

Драма үшін ең қажетті дүние бұл шығармадағы әрекет пен кейіпкер характерінің тұтастығы және бірлігі. Драма жанры жайлы азды-көпті сөз болса, аталған заңдылық айтылмай қалмайды. Танымал драма жанрының зерттеушісі В.Волькенштейн драма мен конфликт арасындағы өзара байланысты басты назарда қарайды. «Драмада негізгі талап бас көтереді. Ол – тартыс пен мінездің шымыр байланысы. Драма дегеніміз – ойнаушылардың диалогы мен авторлық ремарка түрінде бейнеленген конфликт» [1,47]. Қазақ әдебиетіндегі драма жанрының теориялық мәселелері мен ерекшеліктеріне тереңдеп, зерттеген М.Әуезов драмадағы тартыс тұрғысында тартымды пікірлер айтқан: «Конфликт - өлеңді белгілейтін поэтика элементтері сияқты драматургияның негізгі компоненті. Драмалық шығарманы анықтап, проза, поэзиядан бөлшектеп тұратын шартты белгі – жалғыз-ақ конфликт. Әрбір пьеса шиеленіскен қайшылықтарға, жігер, сезім, ой, еңбек, мақсат т.б қайшылықтарға құрылады. Осы қарама-қарсы ағымдар оқиғаның орталық, параллель және қосалқы линияларында конфликт тудырып дамытады. Ал конфликт нағыз сауатты жазылған драманың өзегі, негізі болады» [3, 25]. Дулат Исабековтің жоғарыда айтылған «Мұрагерлер» пьесасынан Волькенштейн айтқандай драмадағы тартыс пен кейіпкер характерінің арасындағы тығыз байланысты байқаймыз. Екі бөлімнен тұратын Д.Исабековтің аталған тырнақалды туындысы түрлі характерлердің галереясы іспетті әр түрлі мінез айшықтарын кездестіреміз.

Д. Исабековтің «Мұрагерлер» драмасы, болған оқиғалар бәрімізге ежелден таныс бір сәтті қайталағандай әсер береді. Сондай жұпыны аласа үйді, сол үйде жалғыз қалған кемпірдің тағдырын, қала шетінде жалғызсырап жүрген дәл сондай бейбақ тағдырды күнде көретіндей болып тұрамыз. Тіпті ондай сюжет кездесіп те жатады. Жар дегенде жалғыз бауырың көз тірісінде көруге жарымай, оның өзінде ол қайтыс болғаннан кейін де келмеген, енді уақыты өтіп, жеме-жемге келгенде мұрагер ретінде үйге иелік етемін деп аспаннан түсе салғаны, драмадағы қараниет әйел және оның ұяттан безген күйеуі күнделікті өмірде де бар. БАҚ беттерінде дәл сондай тағдыр, дәл сондай өмір туралы ақпарат толып тұр. Д. Исабековтің шеберлігі де осында, ол өмірдегі шынайы болып жатқан әр құбылысты, әрекетті қалт жібермей суреттейді, суреткерлік қабілеті арқылы бере де алады.

Автор әрі драматург Д. Исабеков дәл осы «Мұрагерлер» драмасы арқылы басты кейіпкерлер арасындағы тартысты, характерді беру арқылы олардың адамгершілік дейтін арын, ұятын сын көпірінің үстінен жүргізуге апарады. Оларды бір-бірімен жеке-жеке кездестіріп, оқырман санасына сәуле беруге, ой салуға әкеледі. Драманы оқып отырып түрлі конфликтерді көруге болады. Соның ішінде адамгершілік пен арсыздық арасындағы текетірес. Психологиялық ситуация. Ал дәл осы айтып отырған адамгершілік пен арсыздық арасындағы мәңгі күресі Д. Исабековтың «Дермене» повесінде басталып, «Әпке» пьесасында жалғасын тапты. Осыған қарап-ақ автордың шығармашылық шеберханасындағы қоғамның ең өзекті деген проблемасының шығармаларына әркез арқау болып келе жатқанын аңғаруға болады.

Драманы талдау кезінде кейінгі ұрпақтың үлкенді сыйлауын, оларға құрмет көрсетуін жеткізу үшін, кейіпкерлер бойындағы арды ластаушы түсініктерді әшкерейлді. Алдыға солардың шығарады. Себебі драманың негізгі айтқысы келген, бергісі келген құндылығы да осында жатыр.

Драма шындығында өте салмақты мәселені қозғап отыр, кейіпкерлердің адамгершілікке қайшы, заңдық тұрғысынан да ақылға қонымсыз іс-әрекеттерге қарсы тосқауыл қою жағы да автор тарапынан дұрыс әрі орынды қарастырылған. «Күнделікті тұрмыстың әртүрлі құбылымдары драмада жан-жақты бейнеленеді. Сан алуан тартыстар драма қаһарманын ауыр шайқастарға салып, оның рухани-адамгершілік қуатын сынап көреді, алға қойған мақсат, белгілі нысана үшін күресі үстінде адамдар мінезінің неге түрлі қырлары ашылады. Уақыт, заман талаптары, әлеуметтік шарттар қалыптастырған нормаларды бұзу, шеңберден шығып, шекарадан өту секілді қаһармандар әрекеті тарысты психологиялық ситуациялар, драмалық жағдайлар туыдырады», - дейді Р. Нұрғали [8,318].

Драмада кездесетін жағдайды анық суреттеп тұр. Әлеуметтік шарттар қалыптастырған норманы бұзу фактісі бар. Д. Исабеков «Мұрагер» драмасы арқылы көп көкейінде жүрген түйіктікпен проблеманы жеткізуге, оның сахналауға, оны адамдардың санасында сәулелендіруге тырысты және дәл осы межеге жете алды.

Қазақ танымында қайтыс болған адамның артындағы мүлікке таласу қандай жағдай болмасын, дәстүрге жат нәрсе. Бұл жағынан келген кезде кез келген мемлекет деп алмасақ та, кез келген ұлт салтында қарсылық бар. Яғни қайтыс болған адам артынан ғайбат айту немесе оның мүлкіне көз салу секілді әлеуметтік шарттар қалыптастырған норманың бұзылуы туындап отыр. Автор осы жағдайда қарастыра келіп, қазақтың « Арым – жанымның садағасы» деген аталы сөзін дөп жеткізеді. Сонымен қатар, халық психологиясына, салты мен дәстүріне қарсы, табиғи тазалығын ластайтын жат нәрседен ада болуға, сақтануға шақырады.

Шығарманың басында күйеуінің тапсырмасымен келген әйел үйді өз атына заңдастырғаннан кейін ғана жасап жүрген әрекетінің дұрыс емес екенін біліп, жағымсыз характерден арылып қаһармандық характерге ауысады. Сызғанова өз күйеуінің арамзлығына қарсы шығып тойымсыздығын бетіне басады. Автор туындыдағы негізгі конфликт пен тартысты тудыратын қаһармандық образ ретінде Сызғанованы яғни, Төреханның туған қарындасын тандап алған.

Әдебиет зерттеушілерінің пікірлерінен түсінгенім пьеса көркемдік әрі идеялық сапасы жағынан жоғары болуы үшін ең маңызды шарт шығармадағы тартыстың терең, айқын болуы. Драмалық шығарманың негізі, түп қазығы болып табылатын тартыс өмірдегі қарама-қайшылық негізінде қалыптасады. Қарама-қайшылық пьесадағы қаһарманнан батыл шешімді талап ететін оқиғалар тізбегінен тұрады. Егер қаһарман жағдаймен келіссе, яғни шындыққа мойынұсынса, онда тартыстың қажеті де жоқ. Ал егер қаһарман жағдайға қарсы шығып, өз мінезін көрсетсе, көзқарасын айқындаса, онда драмалық күрес туындап, қарама-қайшылық тартысқа ұласады. «Мұрагерлер» пьесасында басты қаһарманның рөліндегі Төреханның қарындасы Сызғанова шығармада өзінің күйеуінің айтқанымен келспей шындық үшін оған қарсы шығады осы орайда

екі кейіпкердің арасында драмалық күрес туындайды. Төреханның қарындасының күйеуінің арамдығына, тойымсыздығына қарсы шығуы пьесадағы ең негізгі тартыс. Аталған туындыда автор қаһарман ретінде Сызғанова есімді кейіпкерді алып отыр. Аталған кейіпкер күйеуінің ағасынан қалған пәтерді тартып алмақ болған арам ниетіне қарсы шығады.

Драма үшін ең қажетті тартыс қана емес кейіпкер әрекеті мен характернің тұтастығы да маңызды оырнаға ие. Қалыптасқан дәстүр бойынша драматург адамның іс-әрекет пен ой-арманын жай баяндап қана қоймай, оларды әрекет үстінде ғана көрсетуі қажет. Бұл қай кезеңдегі драманың болмасын негізгі талаптарының бірі. Әрекеттен тартыс туындайды деген пікірдің де жиі айтылып жүргенінің өзіндік мәні бар. «Мұрагерлер» пьесасындағы характер мен әрекет тұтастығының айқын дәлелі Сызғанов бейнесінде. Басты кейіпкерлердің бірі Сызғановтың айқын бейнесін мына бір үзіндіден аңғарамыз. «Арыңды таза сақтап қалғың келеді ғой. Бәрібір сен де таза емессің. Төреханның өлгенін естіген күні-ақ осы әңгімені сен бастағансың». Қайын ағасының өлгенін естіп қайғыға ортақтасып, көңіл айтудың орынына пәтерді сатып пайданы ойлаған кейіпкердің бейнесінен адамгершілік пен арды ұмытқан дүниенің артынан кеткен дүниеқоңыздың бейнесін көреміз. Сонымен қатар «іссапардамын, жете алмай кеттік» деп сылтауратқанынан оның екіжүзділігін аңғарамыз.

Идея да, авторлық өзіндік шешім де тек аршынды әрекет негізінде арналанады. Осыдан келіп, драмадағы негізгі талап бас көтереді. Ол – тартыс пен мінездің шымыр байланысы. Бей-берекет қозғалыс, сюжет шашыраңқылығы авторға абырой әкелмейтіні аян. Осы орайда шығармадағы оқиғаны түйіндеуге бас-көз болатын – тартыс деген ұғым бар. Табиғаты тылысым дерлік бұл термин жайындағы бұрын-соңды айтылған пікірлерді жүйелеу, сын көзбен бағамдау біраз мәселелерге жетелейтіні анық.

Драмадағы негізгі конфликт автордың айтқысы келген ой астары арқылы пьеса басында-ақ басталып, кейін шиленесіп, соңы нақты бір тартысқа ұласып кетеді. О баста жігіттің келуінен бастап, кейін әйелдің жасанды жасын сүртіп, еңреуі де автор күтен тартыстың бастауы.

Әйел: Бұл Төреханның үйі ме?

Кемпір: Төрехан? Ә-ә, иә-иә. Төренің үйі.

Әйел: Сіз – Салиха апасыз ғой?

Кемпір: иә

Дәл осы диалог біткен кезде автордың мына жолдарына көз жүгіртсек: Әйел оны құшақтап орамалымен көзін сүртті. Дауыс шығара жылаған болады. Бірақ онысы жасанды екені көрініп тұрады.

Дәл осы көріністе әйел мен кемпір арасындағы негізгі тартысың желі есіп тұрады. Себебі оқып отырған оқырман, драманың ары қарай қалай өрбитінін, диалогтардың қай дәрежеде алмасып отыратынын іштей жұтынып күтеді. Автордың да бергісі келгені осы. Одан кейін тартыс қыза түсу үшін Д. Исабеков арада кемпір мен әйел арасында шағын диалог жіберіп, артынан тағы бір күдікті тартысқа жол бастайды.

Әйел: (үйді аралап, әр затты ұстап қарайды) Ертең не бүрсігүні заттарымды әкелемін. Бүгін құр қолмын. Бұл үйге қанша жыл болды?

Кемпір: Соғыс аяқталған соң төрт жылдан кейін салынып бітті ғой.

Әйел: Яғни қырық тоғызыншы жыл (Санайды) Елу тоғыз, он, алпыс тоғыз – жиырма, жетпіс бес – жиырма алты. Жиырма алты жыл бопты-ау, ә! Бұл үй салынып біткен кезде мен жиырма жетіде екенмін.

Кемпір: Ол кезде сені тым жас болған екен десем... (Әйел сұраулы пішінде қарайды) Төрені іздегендеріңді айтам.

Осы көріністен-ақ, кемпірдің әйелді жақтырмай сөйлеп, іштей оның не үшін келе қалды деген оймен алысып жатқанын сезінуге де болады. Автордың шеберлігі де сол, оқып отырған оқырманды түрлі ойға жетелеп, сананы сан-саққа жүгіртеді. Ал әйелдің келе салып үйдің

жылын сұрап, әр затты түрткілеп көруінің өзінен де мән, белгілі бір тартыс пен характердің бастауын аңғаруға болады.

Драманың бір эпизодында Салиха кемпірдің Төреханға деп тіккен шұлығын ешбір рұқсат киноінен ақша, ақша деп ар мен ұяттан жүрдай болған ынсапсыз жанның бейнесін жете түсінеміз. Адамгершіліктен ақшаны жоғары қойған ер адамның бейнесін автор мына бір үзінді арқылы келтіреді: «Тоқтат, жалған ақылгәйсуді! Осы әрекетті біз болмасақ бәрібір басқа біреу істейді. Бұл үйді салған сенің ағаң, ал сен оның қарындасысың. Туған қарындасысың. Мұрагерлікке сенен басқа адамның юридикалық қақысы жоқ. Кемпір...кем-пір заң жүзінде мүлде бөтен адам. Өйткені, оның тұратын мекен-жайы бөлек. Ол бұл үйге тіркелмеген. Төренің оған тастаған мұрагерлік өсиет қағазы тағы жоқ. Және, біз оны, соншалықты далаға лақтырып тастағалы отырғамыз жоқ қой. Қолына мың сомдай ақша ұстатамыз. Сонан соң колхоздағы үйіне барып тұра береді.» [4,198] Нақты өмірдегі жайттарды талғап, елеп-екшеу, ой таразысынан өткізу, көркемдік мәнін ашу – драмадағы қойылатын басты талап. Дулат Исабековтің «Мұрагерлер» пьесасы нақыт өмірдегі жайттарды көркем сөзбен өз деңгейінде аша білген. Сызғановтың бейнесі секілді ынсапсыз, қанағатсыз әрі тойымсыз адамдар қандай қоғамда болсын бар екені өтірік емес. Автор барша дүниеқоңыздықтың бейнесі ретінде Сызғановты алы отыр. Драмадағы кейіпкердің іс-әрекеттері шынайы өмірдегі адамдарың ақша үшін бәріне даяр болатын қасиетінен ешбір айырмасы жоқ.

«Тартыс дегеніміз – өзінен- өзі пайда бола қалатын нәрсе емес, ол өмірдегі әр түрлі адамдардың күресі үстінде көрінетін, түрліше характерлерін ашатын күш» [3,8]. Тартыс мәселесі – драматургияның ең негізгі, әрі күрделі мәселелерінің бірі. Шындық өмірді, оның қарама-қайшылықтарын бейнелеудің ең маңызды құралы болып есептелетін тартыс қоғамның дамуы мен жазушының шеберлігі арқасында қоса дамиды. Демек, тартыс жайдан-жай пайда бола қалмайды, оны тудыратын әлеуметтік, қоғамдық қарама-қайшылық болуы қажет. Жалпы драмалық шығармада негізгі тартыспен қатар өрбитін бірнеше қосымша да тартыстар болады. Олар пьесадағы негізгі тартыспен бірге дамиды, оның шиеленісуіне жағдай жасайды, яғни негізгі талас-тартыстардан басқа тартыстардың барлығы сол негізгі тартысқа қызмет етуі қажет. Шығармадағы негізгі тартысқа апаратын қосымша тартыс ретінде Сызғанов пен Салиха кемпір арасындағы конфликтіні айта аламыз.

Кемпір: Мынау...мынау мен тоқыған шұлық қой! Бұл шұлықтың сенің киноіңе қақың жоқ! Мұны саған кигізген кім. Шеш, шеш кәне жылдам!

Ер адам: Құдағи-ау, не болды? Бір шұлыққа бола! Ақшасын төлейін. Үш есе артық төлейін!

Кемпір: Бұл алтыңға да сатылмайды. Бұл – Төреханның шұлығы!

Ер адам: Енді... енді ол бәрібір келмейді ғой.

Кемпір: Келеді! Келмесе де сандықта тілеуін тілеп жата береді. Кеңітіп жіберіңіз! Неге кидің? Неге кеңітіп жібергенсің?

Ер адам: Қан! Сорлы басым, қайдан ғана кие қойып едім? [4,207]

Драмалық шығармадағы кемпір мен ер адамның конфликтісі негізгі конфликтіге жетелеп тұр. Пьесада қосымша тартыстан кейін негізгі тартыс жалғасын тауып драмалық шығарманың көркемдік қуатын одан сайын арттыра түседі.

Қорыта айтқанда, Дулат Исабековтің проза жанрынан бөлек драма өнеріне қосқан үлесінің қаншалықты салмақты екенін көзіқарақты оқырмын мен өнерсүйер қауым жақсы біледі. Автордың пьесалары елімізде ғана емес алыс-жақын шетелдерде де сахналанған. Қазақ драма өнерінің мерейін үстем еткен автордың шығармашылығы жоғары бағалауға тұрарлық. Дәуірдің дара тұлғасы Мұхтар Әуезов айтқандай, өлеңге ұйқас қалай әр берсе, драмаға да ерекше мән мен мазмұн беретін дүние кейіпкерлер арасындағы тартыс. Тартыс шынайы өмірмен біте қайнасса ғана шынайы болмақ. Дулат Исабековтің пьесаларындағы тартыс шынайы өмірдің біз

тереңдей бермейтін оқиғаларына негізделген. Дулат Исабеков драмаларының өміршеңдігі осында деп білеміз.

Қазіргі қазақ драматургиясы күнделікті болып жатқан жаңалықтарды, даму тенденцияларын бағдарлап қарағанда мазмұн мен форма арасында болатын диалектикалық байланыс күрделілігін сақтай отырып, әр салаға жеке-жеке назар аударуы керек. Себебі көркемдік құралдар, әдеби дәстүрлер тез құбылуға өзгеруге ырық бере қоймайды. Дегенмен суреткердің жан қалауы, оның көру көкжиегі, тақырыпты бере алуы, бейне жасауы – бұл реттегі құбылыстар, түптеп келгенде, болмыс пен өмір ағымынан тыс қала алмайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2012. 376
2. Волькенштейн В. Драматургия. – М.; Сов. писатель, 1964.- 355с
3. Әуезов М. Реалистік драма жолында. - // Әдебиет және искусство.- 1954. -№ 11.б. 88.
4. Нұрғали Р. Айдын. – Алматы : Өнер, 1985. – 399 б.
5. Исабеков Д. Жеті желкен:Пьесалар.–Алматы:Өнер, 1987.–304 б.
6. Ордалиев С. Конфликт және характер. Алматы Жазушы, 1971- 183б
7. Сахновский-Панкеев. Драматургия. – М.; Сов.писатель, 1964
8. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы, «Әдебиет Әлемі», 2014. 412 б

ӘОЖ 1751

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ МЕН ҰҒЫМДАРДЫҢ БЕЙНЕЛЕНУ ТӘСІЛДЕРІ

Ахмер Біржан

[Birzhan.akhmer@mail.ru](mailto:birzhan.akhmer@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – филология ғылымдарының докторы,
профессор Ж.Аймұхамбет

Аңдатпа. Мақалада поэзияда ұлттық танымның бейнелену тәсілдері, көркемдік қызметі қарастырылады. Ұлттық танымға қатысты ғылыми-теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, оны сипаттайтын белгілер ұлттық поэзия мәтіндері мысалында талданады. Сан ғасырлар бойы өмірлік қағидаға айналған дәстүр мен салт-сана, оның ұрпақ тәрбиесіндегі маңызды тағлымы мен көркемдік санада таңбалануы сөз өнерінің тұрақты бейнелілік жүйесін туындатқаны нақты дәлелдермен көрсетіледі. Ұлттық рух, туған жер, ана тілі, ұлт мәдениеті сияқты құндылықтардың қазақ поэзиясындағы көркем бейнеленуі бұл аталған ұғымдардың рухани дамумен тұтастықта сақталатынын аңғартады.

Ақындар шығармашылығынан мысалдар алынып, талданып, нақтыланды. Қазақ поэзиясындағы ұлттық таным мен ұғымдардың орны екшелді. Әр қаламгер шығармашылығында кездесетін ұлттық танымға қатысты ойлардың, пікірлердің сабақтастығы көрсетілді.

Түйін сөздер: поэзия, ұлттық таным, салт-дәстүр, құт-береке, қонақ, шығармашылық.

Кіріспе. Қазақ топырағынан шыққан ойшылдар шығармашылығында ұлттық таным мәселесі жан-жақты сөз болып, салмақты тұжырымдар жасалып келеді. Оның бір мысалы ретінде А.Н.Нысанбаевтың пікірін келтіруге болады. Ғалымның айтуынша, ұлттық таным мен